

Шалқар ауданының Шалқар селолық округі әкімінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 5 " Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 7 наурыздағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 наурызда № 5338 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Шалқар ауданының Шалқар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданының Шалқар селолық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2009 жылғы 16 наурыздағы № 5 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-103 тіркелген, 2009 жылғы 15 сәуірде аудандық " Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше " ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауылдық округі әкімінің
міндетін атқарушы*

С. Еден